

Қасым-Жомарт Тоқаев: «Қазақстан жаңғырудың жаңа кезеңіне қадам басты»



Газет-журналдар қайта өрлеу дәуірінің бастауында тұр. Себебі әлеуметтік желі адамның ойлау (танымдық) қабілетіне зор зиян келтіріп жатыр. Жасы қырыққа жетсе де білімі мен ой-өрісі он бес жастағы жасөспірімдер деңгейінде қалып қойған азаматтарды қазірдің өзінде кездестіруге болады.

Өз басым мерзімді баспасөзді жас кезімнен үзбей оқытыным рас. Әлі күнге дейін осы әдетімнен жаңылған емеспін. Қазір баспасөз заман талабына бейімделіп, ақпарат айдынынан өз орнын тауып отыр. Газет тілшілері жан-жақты шолулар мен терең сараптамалар жасауға баса мән береді, ағартушылықпен айналысады. Кәсіби әрі өз ісіне адал журналистер сапалы материалдар әзірлеп, дәстүрлі құндылықтарды сақтауға елеулі үлес қосып келеді. Мен сүйікті Отанымыздың игілігі үшін барлық салада табысты еңбек етіп жүрген мықты азаматтар туралы мәліметтерді көбінесе газеттерден аламын. Ел ішіне кең таралған TikTok, Instagram немесе Telegram арналары еңбек адамдарының шынайы тыныс-тіршілігінен алыс екенін өзіңіз де жақсы білетін шығарсыз.

Қоғамымыз елең етерлік жаңалық оқып, бейнежазба көрумен шектелмей, мән-мағынасы терең ақпараттың да қадірін білгені дұрыс деп санаймын. Көптеген жастарымыздың да дәл солай ойлайтынына қуанамын. Себебі олар адамды тығырыққа тірейтін елес-қиял әлемінде өмір сүруді емес, нағыз білім-ғылым жолына түсуді мақсат тұтады. Оқу мәдениеті жоғары елдер әрдайым жаһандық дамудың алғы шебінде бола беретіні сөзсіз. Бұған еш күмәнім жоқ.

Мемлекет басшысынан алынған сұхбаттың толық нұсқасын газетіміздің 3-6-беттерінен оқи аласыздар

Құрметке лайық әкеміз «Құрмет» орденін иеленді

Ақмола өңірінің абыройын асқақтатқан азамат, облыстың құрметті азаматы Боранбек Тілеулесов жоғары мемлекеттік награда – «Құрмет» орденімен марапатталды.



Салтанатты марапаттау рәсімі Астана қаласында өтті. Іс-шара «Жұмысшы мамандықтар жылы» аясында ұйымдастырылып, еңбек әулеттері мен өндіріс саласы қызметкерлері арасындағы «Еңбек жолы» республикалық байқауының жеңімпаздарын марапаттауға арналды. Мемлекеттік марапатты Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеңесшісі Ерлан Карин табыстады.

Айта кетсек, Боранбек Тілеулесов 1949 жылғы 10 желтоқсанда Ақмола облысының Қорғалжын ауданына қарасты Бірлік ауылында дүниеге келген. Еңбек жолын ерте бастаған ол 1968 жылы «Дружба» кеңшарының Абай бөлімшесінде жүргізуші мамандығын меңгеріп, кейін қарапайым жылқышы ретінде ауыл шаруашылығына белсене араласты. Саналы ғұмырын мал шаруашылығына арнаған азамат әкесінің еңбек жолын абыроймен жалғастырып, ауыл өмірінің дамуына өлшеусіз үлес қосты. Қай істі қолға алса да жауапкершілікпен қарап, халықтың сенімін ақтай білді.

Боранбек Тілеулесов үшін ауыл – өмірлік мұрат мекені. Сондықтан ол мал шаруашылығын дамыту, ұлттық дәстүрлерді сақтау, ауыл тіршілігін жандандыру жолында тынымсыз еңбек етіп келеді. Сондай-ақ айналасындағы жандарға әрдайым құрметпен қарап, достыққа берік бола білді. Ғалым әкемнің жан досы ретінде де оның парасаттылығы мен азаматтық болмысы ерекше құрметке лайық.

Боранбек әкеміздің өмір жолы – кейінгі ұрпаққа үлгі. Осындай азаматтар барда Ақмола өңірінің абыройы асқақтап, елдің бірлігі нығая беретіні сөзсіз.

Жаңагүл БАЛҒОЖИНА,
«Сенімен болашақ» республикалық ата-аналар
қоғамдық бірлестігінің жанапшыры

ӨТКЕН ЖЫЛДА ЕСЕ ЖОҚ, ЖАҢА ЖЫЛҒА ЖОСПАР КӨП

Қосшы қалалық Қоғамдық кеңесі 2025 жылы 17 отырыс өткізіп, 47 мәселе қарады. Оның ішінде Қоғамдық кеңестің жұмыс жоспарына сәйкес, 19 мемлекеттік орган басшыларының есептері тыңдалып, тиісті Қарарлар мен құжаттар қабылданды.

Бұл ретте мемлекеттік мекеме, кәсіпорын басшылары «Қосшы қаласындағы және Тайтөбе ауылындағы тұтынушыларды электрмен жабдықтау қызметтерін сапалы ұсынуды қамтамасыз ету туралы», «Қосшы қаласында салынып жатқан құрылыстардың жайы және 2025 жылға жоспарланған құрылыстар туралы», «Құрылыстардың бас жоспарға сәйкес салынуы және олардың сәулетіне бақылау орнату, келісім беру туралы», «Қызмет этикасы нормаларын сақтауды қоса алғанда, қала әкімдігінің мемлекеттік қызметшілерінің тарапынан сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама талаптарының сақталуы туралы», «Қала аумағын және кәсіпкерлікті дамыту бағдарламалары шеңберінде инвестициялық ахуалды іске асырудың орындалу барысы туралы», «2024 жылғы қалалық бюджеттің атқарылуы жөніндегі жылдық есепті талқылау туралы», «Салықтық әкімшілендіруді жақсарту шаралары туралы», «Қосшы қаласы бюджетінің кірістерін ұлғайту бағытында атқарылған жұмыс туралы», «Тайтөбе ауылында ауылшаруашылығын дамыту бағытында атқарылған жұмыстар туралы», «Халықты сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету бойынша жұмыс кешенінің барысы туралы», «Тазарту және көріз желілерінің жұмыс істеуі туралы», «Төтенше жағдайлардың алдын алу, азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытында атқарылған жұмыстар туралы», «Қосшы қаласында бұқаралық спортты және мемлекеттік тілді дамыту бағытында атқарылып жатқан жұмыстар туралы», «Автомобиль жолдарының жай-күйі, жөндеуі, құрылысы және күтімі туралы», «Мемлекеттік



және квазимемлекеттік құрылымдарды сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша қабылданған шаралар туралы», «Әлеуметтік сала объектілерінің құрылысы және қалада жүріп жатқан құрылыстардың барысы туралы», «Қосшы қаласындағы білімнің сапасы туралы» және «2025-2026 оқу жылына дайындық барысы туралы», «Қосшы қаласы аумағында қылмыстың алдын алу, соттылығы алынбаған тұлғалар және алкогольдік қылмыстылық жағдайын жақсарту бойынша атқарылған жұмыстар туралы», «Қосшы қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы қала әкімінің есебі», «Қосшы қаласының 2025-2026 жылдары жылу беру маусымына дайындығы туралы», «Өмірлік қиын жағдайдың

туындауына байланысты отбасылардың мұқтаждығын анықтау және халықтың аз қамтылған топтарына әлеуметтік көмек көрсету туралы», «Қала тұрғындарына медициналық қызмет көрсету сапасы және өмір сүру ұзақтығының негізі ретінде медициналық қызметтерді тұтыну көлемінің деңгейі туралы» мәселелер бойынша есеп берді.

Қоғамдық кеңестің Қарарлары мен хаттамалық шешімдерінің орындалуы бойынша жүргізілген мониторинг көрсеткендей, ведомствоның 14 Қарары орындалған. Қазір мерзімі аяқталмаған құжаттардың орындалуы бақылауда.

(Жалғасы 2-бетте)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ	Узінді
Көпбалалы аналарды «Алтын алқа» және «Күміс алқа» алқаларымен наградтау туралы	
ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:	
1. Жеті және одан да көп бала туып, тәрбиелегені үшін мына аналар «Алтын алқа» алқасымен наградталсын:	
Ақмола облысы бойынша	
Кайруллинова Гульнафис Дауренбековна – үй шаруасында, Біржан сал ауданы Мырзатай Бердигүл – үй шаруасында, Атбасар ауданы Нагметова Жұлдыз Аманғалиевна – үй шаруасында, Қосшы қаласы Тлеугабылова Бахаргуль Сериковна – үй шаруасында, Жақсы ауданы Хайптан Нұрсәуле – үй шаруасында, Ақкөл ауданы Халдыбай Амангүл – үй шаруасында, Шортанды ауданы.	
2. Алты бала туып, тәрбиелегені үшін мына аналар «Күміс алқа» алқасымен наградталсын:	
Ақмола облысы бойынша	
Абетова Меруерт Мухамедадильевна – үй шаруасында, Степногорск қаласы Абильдинова Данагуль Амиржановна – үй шаруасында, Целиноград ауданы Бердалина Алия Алпысбаевна – үй шаруасында, Қосшы қаласы Бердибаева Багилаш Сарсенбаевна – үй шаруасында, Степногорск қаласы Боранбаева Гульбану Сагатовна – үй шаруасында, Ақкөл ауданы Джамалбекова Гульнур Ерубайқызы – үй шаруасында, Қосшы қаласы Ильсцова Сания Кабдисаматовна – үй шаруасында, Жақсы ауданы	
Калыбекова Молдир Есенгелдиевна – үй шаруасында, Целиноград ауданы Копышева Жұлдыз Амангельдиновна – үй шаруасында, Көкшетау қаласы Кунец Валентина Ивановна – үй шаруасында, Астрахан ауданы Кушегалина Гульзира Мейрамғалиевна – үй шаруасында, Атбасар ауданы Мәннән Жайнагүл – үй шаруасында, Целиноград ауданы Молдабекова Арай Нуртасовна – дара кәсіпкер, Целиноград ауданы Мухамеджанова Айгерим Азаматовна – дара кәсіпкер, Қорғалжын ауданы Осорова Динара Сериковна – орта мектептің мұғалімі, Шортанды ауданы Өмен Сәуле – үй шаруасында, Қорғалжын ауданы Пелюшкова Алтынай Есильбаевна – үй шаруасында, Атбасар ауданы Пшембаева Марзия Албыртовна – үй шаруасында, Көкшетау қаласы Радолдай Аязарға – үй шаруасында, Атбасар ауданы Садвакасова Айгерим Төлегеновна – үй шаруасында, Қорғалжын ауданы Саутбекова Арайлым Гумаровна – үй шаруасында, Көкшетау қаласы Сичевская Анастасия Викторовна – үй шаруасында, Атбасар ауданы Тезекбаева Баянжан – үй шаруасында, Қосшы қаласы Түлембекова Динара Дауреновна – «Ақмола облысы Ерейментау ауданы әкімінің аппараты» ММ бөлім басшысы Турманова Санимгуль Шарапхановна – үй шаруасында, Целиноград ауданы Хуатберген Айдана – үй шаруасында, Шортанды ауданы Шкрябова Анара Айдархановна – үй шаруасында, Целиноград ауданы.	
3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.	
Қазақстан Республикасының Президенті Қ. Тоқаев	
Астана, Ақорда, 2025 жылғы 12 желтоқсан	
№ 1119	

ӨТКЕН ЖЫЛДА ЕСЕ ЖОҚ, ЖАҢА ЖЫЛҒА ЖОСПАР КӨП

(Басы 1-бетте)

Есепті мерзімде Қоғамдық кеңес мүшелері «Тұрғындардың суранысы бойынша қалаішілік жолаушылар тасымалымен айналысатын №701 маршрутқа өзгерістер енгізу туралы», «Қалада жаңадан салынатын автобус аялдамаларының орналасатын орнын белгілеу бойынша» қоғамдық тыңдау өткізіп, өз ұсыныстарын жолдады.

Сонымен бірге, бытырғы бірінші жартыжылдықта жергілікті атқарушы және өкілетті органдардың 18 нормативтік-құқықтық актілерінің жобасы қаралып, талқыланды. Атап айтқанда, «Қалалық мәслихаттың 2024 жылғы 24 желтоқсандағы №154-36-8 «2025-2027 жылдарға арналған Қосшы қаласының бюджеті туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы» Қосшы қаласы мәслихатының «2025-2029 жылдарға арналған Қосшы қаласы бойынша жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі Жоспарды бекіту туралы» шешімінің жобасы, «Қосшы қаласында шетелдіктер үшін 2025 жылға арналған туристік жарнаның мөлшерлемелерін бекіту туралы», «Қосшы қаласының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы» Қосшы қаласы мәслихатының 2023 жылғы 29 желтоқсандағы №85/19-8 шешіміне өзгерістер енгізу туралы», «Қалалық мәслихаттың 2024 жылғы 24 желтоқсандағы №154-36-8 «2025-2027 жылдарға арналған Қосшы қаласының бюджеті туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы» Қосшы қаласы мәслихаты шешімінің жобасы, «Қосшы қаласының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы» Қосшы қаласы мәслихатының 2023 жылғы 29 желтоқсандағы №85/19-8 шешіміне өзгерістер енгізу туралы», Қалалық мәслихаттың 2024 жылғы 24 желтоқсандағы №154/36-8 «2025-2027 жылдарға арналған Қосшы қаласының бюджеті туралы шешіміне өзгерістер енгізу туралы» Қосшы қаласы

мәслихатының шешімінің жобасы, «Қосшы қаласында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуге арналған тарифтерді бекіту туралы» Қосшы қаласы әкімдігінің Қаулысының жобасы», «Қалалық мәслихаттың 2024 жылғы 24 желтоқсандағы №154/36-8 «2025-2027 жылдарға арналған Қосшы қаласының бюджеті туралы шешіміне өзгерістер енгізу туралы» Қосшы қаласы мәслихатының шешімінің жобасы, «Қосшы қаласы әкімдігінің «Ақмола облысы Қосшы қаласы мен Тайтөбе ауылы елді мекендеріндегі салық салу объектісінің орналасуын ескеретін аймаққа бөлу коэффициенттерін бекіту туралы» Қаулысының жобасы, «Қосшы қаласы мәслихатының «Мөлшерлеме мөлшерін төмендету туралы» шешімінің жобасы, «Қосшы қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 20 сәуірдегі №12-90 «Қосшы қаласында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындарын айқындау және бекіту туралы» қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Қосшы қаласы әкімдігі Қаулысының жобасы, «Қосшы қаласы әкімдігі мен Қосшы қаласы мәслихатының «Қосшы қаласының құрамдас бөліктеріне атау беру туралы» бірлескен Қаулы мен шешімінің жобасы, «Қалалық мәслихаттың 2024 жылғы 24 желтоқсандағы №154/36-8 «2025-2027 жылдарға арналған Қосшы қаласының бюджеті туралы шешіміне өзгерістер енгізу туралы» Қосшы қаласы мәслихатының шешімінің жобасы», «Қосшы қаласы мәслихатының 2026-2028 жылдарға арналған Қосшы қаласының бюджеті туралы» Қосшы қаласы мәслихатының шешімінің жобасы», «Қосшы қаласы мәслихатының 2024 жылғы 29 наурыздағы №111/24-8 «Мөлшерлеме мөлшерін төмендету туралы» шешімінің күші жойылды деп тану туралы» Қосшы қаласы мәслихатының шешімінің жобасы, «Қосшы қаласының 2026-2030 жылдарға арналған даму жоспары туралы» Қосшы қаласы мәслихатының шешімінің жобасы қаралды.

Қоғамдық кеңеспен «Қала көшелерін грейдерлеуге келісім беру бойынша», «Мемлекеттік және квазимемлекеттік құрылымдарда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша қабылданған шаралар туралы» және 2025 жылдың әр тоқсанында мемлекеттік мекемелермен көрсетілген мемлекеттік қызметтердің сапасына мониторинг жүргізілді.

Сонымен бірге, қалалық Қоғамдық кеңес мүшелері әр аптаның сәрсенбісінде Қосшы қаласының әкімі Азамат Капышевпен бірге азаматтарды жеке қабылдауға қатысып, тұрғындардың өтініштерін тыңдап, түйткілді мәселелерді шешуге қатысты ұсыныс-пікірлерін білдіріп отырады.

Қоғамдық кеңес қала тұрғындарының өтінішін ескере отырып, 2025 жылдың мамыр айында



өткен отырыста «Қосшы қаласының 2025-2027 жылдарға арналған бюджетіне өзгерістер енгізу туралы» Қосшы қаласы мәслихатының шешіміне өзгерістер енгізу туралы» шешім жобасын қарау барысында бюджеттің кейбір салаларына қаралған қаржыдан қысқарту арқылы 27,0 млн теңгені «Автобус аялдамалары құрылысын салуға» бағыттау жөнінде ұсыныс енгізіп, аталған ұсыныс қалалық мәслихат сессиясында мақұлданды. Алдағы уақытта Қоғамдық кеңеспен келісілген орындарға (оның ішінде мектептерге жақын автобус тұрақтарына) аялдамалар салынатын болады.

Республика көшесінде салынып жатқан «Алley» құрылысын жүргізуші мердігер «СК Арнау Сервис» ЖШС-нің өкілдерімен кездесіп, құрылыстың сапасына, көгалдандыру жұмыстарына, пайдаланып жатқан құрылыс материалдарының сапасына қатысты бірқатар ұсыныс-пікір айтылды.

Қоғамдық кеңес мүшелерінің ұсынысына сәйкес, «Қосшы қаласының 2026-2030 жылдарға арналған даму жоспарын» талқылау барысында қаламызда тұрғындардың саны күннен-күнге артып келе жатқанын, бүгінде 100 мыңға жуық тұрғын қоныстанғанын, қаланың республика көлемінде жастар қаласы ретінде танылып келе жатқанын ескеріп, облыс әкімі М. Ахметжановқа Қосшы қаласына Мәдениет үйін салуды қарастыру туралы хат жолданды.

Қосшы қаласы – көші-қон көрсеткіші бойынша облыс көлемінде 1-орында. Қазір халыққа қызмет көрсетіп отырған «Жанұя» емханасы 28 705 адамға, оның ішінде 12 554 балаға, 1 341 жасөспірімге, ал №1 Қосшы қалалық емханасы 17 524 адамға, оның ішінде 6 730 балаға, 843 жасөспірімге медициналық қызмет көрсетіп отыр. 2021 жылы қалада 3 мектеп болса, қазір балалар 8 мектепте білім алып отыр.

Қазір құрылысы жүріп жатқан жаңа емхана ғимараты пайдалануға беріліп, оған қазіргі №1

ною хозияйку, Целиноградский район
Копышеву Жулдыз Амангельдиновну – домашнюю хозияйку, город Кокшетау
Кунец Валентину Ивановну – домашнюю хозияйку, Астраханский район
Кушегалину Гульзиру Мейрамгалиевну – домашнюю хозияйку, Атбасарский район
Мәннән Жайнагүл – домашнюю хозияйку, Целиноградский район
Молдабекову Арай Нуртасовну – индивидуального предпринимателя, Целиноградский район
Мухамеджанову Айгерим Азаматовну – индивидуального предпринимателя, Коргалжынский район
Осерову Динару Сериковну – учителя средней школы, Шортандинский район
Өмен Сәуле – домашнюю хозияйку, Коргалжынский район
Пелюшкову Алтынай Есильбаевну – домашнюю хозияйку, Атбасарский район
Пшембаеву Марзию Албыртовну – домашнюю хозияйку, город Кокшетау
Радолдай Аязаргу – домашнюю хозияйку, Атбасарский район
Садвакасову Айгерим Төлегеновну – домашнюю хозияйку, Коргалжынский район
Саутбекову Арайлым Гумаровну – домашнюю хозияйку, город Кокшетау
Сичевскую Анастасию Викторовну – домашнюю хозияйку, Атбасарский район
Тезекбаеву Баянжан – домашнюю хозияйку, город Косшы
Түлембекову Динару Дауреновну – руководителя отдела ГУ «Аппарат акима Ерейментауского района Акмолинской области»
Турманову Санимгуль Шарапхановну – домашнюю хозияйку, Целиноградский район
Хуатберген Айдану – домашнюю хозияйку, Шортандинский район
Шкрябову Анару Айдархановну – домашнюю хозияйку, Целиноградский район.

3. Настоящий Указ вводится в действие со дня его подписания.

Президент Республики Казахстан
К. Токаев

Астана, Акорда, 12 декабря 2025 года

№ 1119

Қасым-Жомарт Тоқаев: «Қазақстан жаңғырудың жаңа кезеңіне қадам басты»

– Құрметті Қасым-Жомарт Кемелұлы, Сіз жыл сайын мерзімді баспасөзге ауқымды сұхбат беру арқылы белгілі бір саяси дәстүр қалыптастырдыңыз деуге болады. Осы орайда «Turkistan» газетінің ұсынысын қабыл алғаныңыз үшін ризашылығымызды білдіреміз.

– «Turkistan» газеті 30 жылдан бері тұрақты шығып келеді. Бұл – Қазақстандағы ең ықпалды басылымның бірі. Газеттің атауында да өте үлкен мән-мағына бар. Басылым тілшілері ел ішіндегі өзекті мәселелермен қатар, тұтас түркі жұртына ортақ тақырыптарды да көтеріп жүреді. Бұл өте жақсы дәстүр деп санаймын.

Шетелде жұмыс істеп, түрлі салада табысқа жеткен қазақтар туралы мақалаларды қызығушылықпен оқимын. Қазақстан мен өздері тұрып жатқан елдер арасындағы ынтымақстықты дамытуға үлес қосып жүрген осындай үш азаматты арнайы марапаттадым.

Газет-журналдар қайта өрлеу дәуірінің бастауында тұр. Себебі әлеуметтік желі адамның ойлау (танымдық) қабілетіне зор зиян келтіріп жатыр. Жасы қырыққа жетсе де білімі мен ой-өрісі он бес жастағы жасөспірімдер деңгейінде қалып қойған азаматтарды қазірдің өзінде кездестіруге болады.

Өз басым мерзімді баспасөзді жас кезімнен үзбей оқитыным рас. Әлі күнге дейін осы әдетімнен жаңылған емеспін. Қазір баспасөз заман талабына бейімделіп, ақпарат айдынынан өз орнын тауып отыр. Газет тілшілері жан-жақты шолулар мен терең сараптамалар жасауға баса мән береді, ағартушылықпен айналысады. Кәсіби әрі өз ісіне адал журналистер сапалы материалдар әзірлеп, дәстүрлі құндылықтарды сақтауға елеулі үлес қосып келеді. Мен сүйікті Отанымыздың игілігі үшін барлық салада табысты еңбек етіп жүрген мықты азаматтар туралы мәліметтерді көбінесе газеттерден аламын. Ел ішіне кең таралған TikTok, Instagram немесе Telegram арналары еңбек адамдарының шынайы тыныс-тіршілігінен алыс екенін өзіңіз де жақсы білетін шығарсыз.

Қоғамымыз елең етерлік жаңалық оқып, бей-нежаза көрумен шектелмей, мән-мағынасы терең ақпараттың да қадірін білгені дұрыс деп санаймын. Көптеген жастарымыздың да дәл солай ойлайтынына қуанамын. Себебі олар адамды тығырыққа тірейтін елес-қиял әлемінде өмір сүруді емес, нағыз білім-ғылым жолына түсуді мақсат тұтады. Оқу мәдениеті жоғары елдер әрдайым жаһандық дамудың алғы шебінде бола беретіні сөзсіз. Бұған еш күмәнім жоқ.

– Сұхбатымыздың бас жағында әдеттегідей өткен жылдың қорытындысы туралы сұрағым келеді. Былтыр өте көп оқиға болғаны белгілі. Дегенмен 2025 жылдың басты нәтижесі қандай деп ойлайсыз?

– Шынымен де айтулы оқиғалар аз болған жоқ. Көзді ашып-жұмғанша бір жыл өте шықты, бұл сұрағыңызға табан астында жауап бере қою қиын. Мысалы, экономикамыз 6 пайыздан аса өсті. Ішкі жалпы өнім 300 миллиард доллар межесіне жетіп, жан басына шаққанда 15 мың доллардан асты. Бұл – елімізбен қатар, бүкіл өңір үшін рекордтық көрсеткіш. Жалпы, ойдағыдай жұмыс істелді деуге болады. Бірақ мен барлық мемлекеттік қызметшілерге тоқмейілсіп, масайрап отыруға мүлде болмайтынына үнөмі айтамын. Шығыс халықтары «Тегіс жолдың өзінде тосқауыл бар» дейді. Біз тынымсыз еңбектеніп, тек алға ұмтылуымыз керек. Оның үстіне, түйіні тарқатылмаған түйткілдер аз емес.

Бұл – алдымен инфляция деңгейінің жоғары болуы. Соның салдарынан азаматтарымыздың әл-ауқатын арттыруға арналған еңбектің бәрі текке кетіп жатыр. Биыл Үкімет пен әкімдер мемлекетіміздің әлеуметтік-экономикалық тұғырын нығайту үшін көп жұмыс істеуі керек.

Дей тұрғанмен, еліміздің реформаларды жүзеге асыруға біржола бет бұрғанын өткен жылдың басты қорытындысы деуге болады. Қазақстан жаңғыру жолында қарышты қадам басып, барынша өркениетті ел бола бастады. Қоғамда өскелең ұрпақтың жарқын болашағы үшін түбегейлі өзгеріс жасау аса маңызды екені туралы нақты түсінік қалыптасты.

АҚШ президенті Трамптың «ақылға сыйымды ой» стратегиясының ықпалымен жаһандану үдерісі кейінге ысырыла бастады. Біз де Қазақстанда әділдік, заң мен тәртіп, еңбекқорлық сияқты мемлекетіміздің болашағы үшін айрықша маңызды қағидаттарға негізделген қоғам құрып жатырмыз. Ұзақ мерзімге арналған нәтижеге жету үшін бұл жұмыс жаса қылда 2 есе тың қарқынмен жалғасын табады.

– Былтыр жаңа Салық кодексі қызу талқыға түсті. Жұрттың көкейіне күдік-күмән ұялап, көптеген сауал туындады. Бір жағынан, қажетті экономикалық реформаларды жүргізуге мүмкіндік беретін, екінші жағынан, азаматтардың тұрмыс жағдайын төмендетіп жібермей, таразы

басын тең ұстайтын тиімді жол бар ма?

– Әрине, салық реформасы – өзекті мәселе және бұған қатысты пікірталастардың болуы әбден түсінікті. Дегенмен ел ішінде дүрбелең туғызып, жұртты дүрліктірудің ешқандай жөні жоқ. Мұндай реформа көптеген елде жүргізіліп жатыр. Мысалы, Ресейде қосымша құн салығы жуырда 22 пайызға дейін көтерілді.

Біздің реформамыз – қатардағы «фискалдық науқан» емес, салық жүйесін қайта құру деген сөз. Алдымызда тұрған басты міндет – экономиканың тұрақты өсімін қамтамасыз ету. Үкіметке ашық әрі ұғынықты Салық кодексін әзірлеу тапсырылды. Министрлер кабинетінің бұл тапсырманы қаншалықты табысты орындап шыққанын биыл көретін боламыз.

Бұрынғы Үкімет қосымша құн салығын, тіпті, 20 пайызға дейін көтеруді ұсынды. Олар фискалдық саясатта қателік жіберілгенін ескере отырып, мұндай қадамның өте қажет екенін мойындады. Талқылау барысында қазіргі Үкімет те қосымша құн салығын 20 пайызға дейін көтеруді ұсынды. Алайда мен Үкіметке оның жоғарғы шегін 4 сатыға төмендету туралы тапсырма бердім.

Жаңа Салық кодексінде бақылау жасауға емес, өзара серіктестік орнатуға баса мән беріледі, яғни, осы үдеріске қатысушылардың бәрі – мемлекет те, бизнес те, азаматтар да өз міндетін адал орындауға тиіс. Бірін-бірі өзара толықтырып тұратын мұндай жүйеде салық төлеу ауыртпалық ретінде қабылданбайтын болады. Түптеп келгенде, салық төлеу дегеніміз – заманауи қоғамдық келісімшарт деген сөз. Салық төлесеніз, қызмет көрсетіледі, инфрақұрылым салынады, қауіпсіз орта қалыптасады, тың мүмкіндіктер пайда болады. Керек десеніз, бұл – әділдік болу үшін жүктемені қайта бөлу құралы, әлеуметтік тұрғыдан әлсіздерді қолдау және экономикалық тұрғыдан «белсенді ортаны» одан әрі дамыту тәсілі.

Бүкіл әлемде фискалдық саясаттың тиімділігі оны жүргізудің сапасымен, жұрттың салық жөніндегі сауатымен және қоғамның сана-сезімімен өлшенеді. Салық төлеу мәдениеті дәл осылай қалыптасады. Салық төлеу бұрын міндет болса, енді отаншылдықтың озық үлгісіне айналады. Мұны сыбайлас жемқорлыққа қарсы қоғам құрудың төте жолы деуге болады. Себебі салығын адал төлейтін азаматтар өз қаржысының алаяқтардың қалтасында кеткенін мүлде ұнатпасы анық.

– Экономикалық реформалар тауарлардың бағасы мен қызметтердің тарифіне салмақ салады. Жұрт бұған алаңдап отыр. Сіз Үкіметке осы мәселені шешуге арналған нақты шаралар жоспарын әзірлеуді тапсырдыңыз. Бұл жұмыс реформаның сапасы мен қарқынына әсер етпей ме? Азаматтарымыз әл-ауқатымызды жақсартады деп күтіп жүрген реформаның нәтижесін жоққа шығармай ма?

– Әлемдік тәжірибеге қарасақ, реформалар қолға алынған кезде жұртшылық оны көп жағдайда түсінбей, қабылдамай жатады. Ондай кезде барлық жауапкершілікті арқалай алатын көшбасшының рөлі айрықша. Мен Мемлекет басшысы ретінде осындай жауапкершілікті өз мойныма аламын. Болашақта да бұған дайынмын. Менімен бірге жұмыс істеп жатқан азаматтар мұны жақсы біледі. Әрине, бұл кедергісі көп, қиын жол екенін түсінемін. Тарихта реформаторлардан гөрі басқыншылар мен популистердің аты көбірек қалып жатады. Бірақ Қазақстан үшін басқа жол жоқ. Біз бір жерде тоқтап қалмай, алға қарай мың қадам басу үшін реформаларды қалайда жүзеге асыруымыз керек. Азаматтарымызға зияны тимеуі үшін қыс мезгілінде тарифтерді өсіру әкімшілік тәсілдер арқылы уақытша тоқтатылды. Сонымен бірге, Үкіметке бюджет қаржысын барынша тиімді пайдалану міндеті жүктелді. Экономикаға ақшаны орынсыз құя беруге болмайды, бұл инфляцияны күшейтіп жібереді. Қатаң бюджеттік тәртіп керек. Қаржы ресурстары мемлекетке қажетті жобаларға ғана жұмсалуға тиіс. Былтыр қараша айында Үкімет, Ұлттық банк, Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі бірлесіп, үш жылдық бағдарлама қабылдады. Құжат азаматтардың әл-ауқатын жақсарту үшін инфляцияны төмендетуге арналған.

Халықаралық сарапшылар Қазақстанның «орташа табыстар қақпанына» түсіп қалғанын дұрыс байқап отыр. Ашығын айтайын, бұл – экономика туралы оқулықтан алынған жалпылама ұғым емес, күн сайын көптеген азаматымыздың басынан өтіп жатқан өмір шындығы. Жұрт табыс тауып жатыр, тіпті, жақсы табыс табатындар да бар. Бірақ оның бәрін инфляция жеп қояды немесе ипотека төлеу, балаларды оқыту, ата-анаға көмектесу сияқты күнделікті тірлікке жұмсалып, жоқ болып кетеді. Ауырып қалу немесе жұмыстан айырылу секілді кез келген көлденең кедергі тұрмыстағы тұрақтылықты бұзып жіберуі мүмкін.

Мен кезінде баспана алу, балалардың оқу ақысын төлеу, емделу үшін зейнетақы жинағын пайдалануға рұқсат беру туралы шешім қабылдадым.

Көбісі солай жасады, бұл шешімге ризашылықтарын да білдіріп жатты. Бірақ, әдеттегідей, стоматология қызметін көрсетеміз деген желеумен зейнетақы қорынан 200 миллиард теңгеден аса қаржы жымқырған алаяқтар да табылды. Құқық қорғау органдары қазір бұл мәселемен айналысып жатыр. Осы медициналық қызмет түріне зейнетақы жинағын пайдалануға тыйым салуға тура келді. Бірақ басқа да қитұрқы тәсілдер пайда болды, тіпті, пластикалық отаға төлем жасайтындар бар.

Ал бизнес өкілдеріне келер болсақ, олар жұмыс орындарын ашып, салықтарын адал төлейді. Алайда несие өсімінің жоғары болуы, айналымдағы қарамастан, экономикамызда теңсіздіктер әлі де сақталып отыр. Оның бәрін шұғыл реттеп, түзу жолға салуымыз керек. Біз бұл жағдайды білеміз, оны жұрттан жасыратын ойымыз жоқ. Мұндай қиындықты көптеген мемлекет басынан өткіріп жатыр. Біз «өсім ауруы» мәселесін міндетті түрде шешеміз. Нақты жоспарымыз бар.

– Қазақстан былтыр энергетикалық және коммуналдық секторда реформа жасауға кірісті. Бұл – Тәуелсіздік жылдарындағы ең ауқымды реформа. Осы бағыттағы жұмыстар әбден тозған инфрақұрылымды жаңғырту мәселесін шеше ала ма?

– Шынымен де Үкімет энергетикалық және коммуналдық нысандарды жаппай жаңғырту жұмыстарын қолға алды. Ұзындығы жүздеген шақырым болатын инженерлік желілер мен электр қуатын тарататын желілер салуымыз керек. Бүгінде осы ауқымды жобаның есеп-қисабы әзірленіп жатыр. Қазірдің өзінде қауіпті «қызыл» аймақта тұрған жылу электр станцияларының саны 19-дан 10-ға дейін азайды. Қабылданған шаралардың нәтижесі көріне бастады. Нысандардың апаттық жағдайға тап болу қаупі сейіліп келеді.

Дегенмен әбден тозып, әупіріммен әрең тұрған инфрақұрылымды қалпына келтіру жеткіліксіз, жұмыс тәсілін өзгерту керек. Сондықтан жаңғырту шаралары ең басты міндетті шешуге тиіс, яғни, салаға инвестиция салу үшін қолайлы жағдай жасап, нағыз нарықтық тетіктер қалыптастыруы қажет.

Үкіметтің шұғыл шаралары мәселенің түпкі мәнінен туындап отыр. Себебі энергетика және тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы кез келген мемлекеттің өмір сүруіне аса қажетті тұғыр саналады. Бұл негіз шайқалса, басқасы түгел күйрейді.

Тамыры тереңге кеткен экономикалық мәселелерге ондаған жылдар бойы назар аударылған жоқ. Қалалар мен ауылдардағы инфрақұрылым тозды, энергетика нысандары мен коммуналдық желілер әбден ескірді.

Қордаланған түйткілдер күрмеуі қиын күрделі мәселеге ұласты. Бұл сала жыртқы-тесігін жанталаса жамап-жасқап, бюджет қаржысын үздіксіз құюға тура келетін «коммуналдық аждаһаға» айналды. Бұған жұрттың еті үйреніп, азаматтар шарасыз күйге түсті.

Соған қарамастан, біздің үкіметтеріміз «авгийдің атқорасын» тазалауға асыққан жоқ. Себебі мұндай күрделі жұмыс ешкімге жақсы атақ әкелмес еді. Ең дамыған отыз мемлекеттің қатарына қосылу сияқты «керемет» бағдарламалар әзірлеп, оның «табысты» орындалғаны туралы баяндау әлдеқайда жеңіл болатын. Шындықты жасырып, бір сәттік алдамшы жетістіктерге ұмтылу ақырында мемлекетіміз үшін тың қымбатқа түсті.

Шынымды айтайын, жеке абыройымды ойласам, мен де бұл жұмысты келесі басшылыққа ысыра салар едім. Бірақ халықтың көзі үйренген таптаурын түсініктерге қайшы келсе де мен үшін қағаз жүзінде емес, іс жүзінде нақты нәтижеге қол жеткізу бәрінен де маңызды.

Электр қуатының арзандығы кімге тиімді болды? Табысы шамалы көпбалалы отбасыларға емес, ірі кәсіпорындарға өте тиімді болды. Арзан жанар-жағармайдың қызығын кім көрді? Әдетте қоғамдық көліктің жүретін студенттер мен зейнеткерлер емес, билікке жақын жүретін, қазір жұрт олигархтар немесе олигополия деп атайтын кәсіпкерлер көрді.

Коммуналдық қызметтердің тарифін төмен ұстап тұру кімге ыңғайлы болды? Әр түбіртектегі соманы уақтылы төлеп отырған адал азаматтарға емес, «коммуналдық былық-шылықты» пайдаланып, қалтасын қалыңдатқан дедал-кәсіпкерлерге қолайлы болды.

Посткеңестік кеңістіктегі ең төмен бағалар мен тарифтер Қазақстанға тиесілі. Соның салдарынан, біз амалсыздан арзан жанар-жағармайды көрші

мемлекеттерге астыртын тасымалдайтын, сол арқылы олардың экономикасына демеу көрсететін елге айналдық.

Сол себепті, тарифтің төмен болуы қарапайым тірлік кешіп жатқан адамдарға пайдалы деген жалған сенімнен арылатын уақыт жетті. Іс жүзінде бұл – ауқатты азаматтарға жасырын түрде берілетін субсидия.

Әлеуметтік әділдікті қалпына келтіру үшін алдымен мәселені шешу жолдарын өзгерту қажет. Мемлекет көмекке шын мұқтаж адамдарға ғана тікелей, атаулы өтемақы төлеу арқылы қолдау көрсетуге міндетті. Сондықтан тарифтерді көтеру – ақылға қонымды, яғни тиімді және әділ экономика құру үшін аса қажет қадам. Кім қанша тұтынса, сонша төлейді, қолдауға шынымен зәру адамдарға ғана көмек беріледі. Тарифтер әділетті болуы керек, яғни «неғұрлым көп тұтынған, соғұрлым көп төлейді» деген қағидат берік орнығуға тиіс. Мен осындай нақты міндет қойып отырмын. Алғашқы оң нәтижелер бар. Төлем жүйесіне сараланған тәсіл енгізілді. Суды және электр қуатын барынша үнемдеп пайдаланатын тұрғындар «тұтынудың әлеуметтік нормасына» сәйкес төлемді ең төмен тарифпен төлейтін болды.

Бұл қадам бұрынғы жүйеден бас тартып, әлеуметтік игіліктерді әділ бөлетін жүйе құруға мүмкіндік береді. Елдің ресурстарын таңдаулы адамдар емес, барша жұрт бірдей пайдалануға тиіс. Сонда ғана заманға сай инфрақұрылым мен тиімді энергетика жүйесін қалыптастыра аламыз. Осылайша, экономиканың сапалық тұрғыдан өсуіне зор серпін береміз.

– Сіз Қазақстан үшін көлік және логистика саласының маңызы артып келе жатқанын жиі айтасыз. Бұл бағыттағы жұмысты негізгі басымдық ретінде белгілеп бердіңіз. Осы саланы дамыту үшін қандай шаралар қабылданды және алда қандай жоспарлар бар?

– Еліміз үшін көлік-логистика саласының әлеуетін арттыру – стратегиялық маңызы бар міндет. Теңізге тікелей шығатын жолы болмаса да Қазақстан Еуразия құрлығының кіндік тұсында, яғни негізгі транзиттік күре жолдар тоғысқан жерде орналасқан. Бұл – үлкен артықшылық, біз оны ел игілігіне жарата білуге тиіспіз. Мақсат-мүддемізге сәйкес Қазақстанды Еуразияның көлік айлағы (хабы) ретінде қалыптастыру – бұл салада атқарылатын жұмыстың басты бағыты.

Осы орайда жақында іске қосылған «Достық – Мойынты» жаңа теміржол магистралінің мән-маңызын атап өткім келеді. Бұл жолға осы жол арқылы Қытай мен Еуропа арасында тасымалданатын жүк көлемін 5 есе арттыруға мүмкіндік береді. «Мойынты» – Қызылжар», «Бақты – Аягөз», «Дарбаза – Мақтаарал» теміржол желілерін жаңадан іске қосу жоспарымызда тұр. Жалпы, 2030 жылға дейін 5 мың шақырым теміржолды салып, жаңғырту және 11 мың шақырым теміржолды жөндеу көзделіп отыр.

Елорда мен батыс аймақтардың арасындағы қашықтықты 500-ден аса шақырымға қысқартатын «Орталық – Батыс» күре жолы құрылысының стратегиялық маңызы өте зор.

Біз ел шекарасынан тыс жерді де қамтитын кең ауқымды көлік жүйесін құра алдық. Қазақстан мұхит жолдарынан тысқары тұрса да Сары теңіз бен Қара теңіздің арасында жүк терминалдарының желісін қалыптастырды. Еліміздің аумағы арқылы өтетін 12 халықаралық көлік дәлізі, атап айтқанда, 5 темір жол, 7 автокөлік дәлізі бар. Қытай мен Еуропа арасында құрлықпен жеткізілетін жүктің шамамен 85 пайызы осы жолдармен тасымалданады.

Әрине, мұның бәрі – табысқа оп-оңай жете қоямыз деген сөз емес. Бұл саладағы бәсеке күшейіп келеді. Себебі көлік және логистика мәселесі геосаясаттың ажырамас бөлігіне айналды. Осы тақырып жоғары деңгейдегі келіссөздердің күн тәртібіне біржола енді. Сондықтан Қазақстан үшін де оның айрықша маңызы бар.

Еліміз Қытайдың «Бір белдеу – бір жол» атты мегажобасын, «Солтүстік – Оңтүстік» дәлізін және Транскаспий көлік бағытын, яғни «Орта дәлізді» дамытуға белсене атсалысып келеді. «Ресей – Қазақстан – Түрікменстан – Иран» бағытымен теңіз аймақтарына шығып, жүк тасымалдаудың болашағы зор деп санаймыз. «Орта дәліздің» жұмысына Қытайдың қосылуына құптаймыз.

Жалпы, бұл саланың әлеуеті өте жоғары. Мұнда тек инфрақұрылым туралы сөз болып отырған жоқ. Экономиканың барлық дерлік секторы осы іргелі салаға келіп тоғысады. Сондықтан Үкіметтің алдына заманауи инженерлік және сервистік инфрақұрылымды бар көлік-логистика тораптарын салу, теңіз порттарын, әуежайлар мен теміржол вокзалдарын жаңғыртып жөндеу, сондай-ақ тиімді цифрлық экожүйе қалыптастыру міндеті қойылды.

(Жалғасы 4-бетте)



«Төңкеріс» жасауға әбден машықтанған мамандардың жетекшілігімен тәртіпсіздікті ұйымдастырушылар Үкіметтің жанар-жағармай бағасын өсіру туралы шешімін желеу етіп, адамдарды жаппай шеруге шығуға итермеледі. Сосын азаматтардың, мемлекеттік қызметшілердің, бір таңғаларлығы, күштік құрылым қызметкерлерінің едәуір бөлігінің арасында дүрбелең туғызды. Олар қару-жарақ пен құпия құжаттарды қараусыз қалдырып, жұмыс орындарын тастап кете бастады. Ұлттық қауіпсіздік комитетінің және Ішкі істер министрлігінің кейбір басшылары сын сағатта Отан алдындағы адалдығын сақтап қала алмады, кәсіби деңгейі де төмен екенін көрсетті.

Осындай жағдай, әсіресе, бүлікшілердің басты нысанасы болған Алматыда анық байқалды. Әскери қызметшілер мен қала тұрғындары қатты қорлыққа ұшырады. Әкімшілік ғимараттар, сауда орталықтары, дүкендер мен банктер қирап, өртке оранып, тоналып жатты. Мұндай жүгенсіздікке қарсы төтенше шаралар қабылдау қажет болды. Қазір арада біраз уақыт өткен соң, пиғылы арам әрі сана-сезімі таяз кейбір адамдар мемлекетіміздің елді құрдымға жібере жаздаған сұмдық берекесіздіктен аман қалғаны жайлы әңгімені әдейі айналып өтіп, қасақана ойына келгенді айтып жүр.

– **Қаңтар оқиғасынан кейін сіз олигополияға қарсы күресті қолға алып, заңсыз иемденген активтерді мемлекетке қайтару жөнінде бастама көтердіңіз. Сол үшін Бас прокуратураның жанынан арнайы комитет құрылды. Бірақ былтырғы Жолдауыңызда бұл құрылымның атауын Инвесторлардың құқығын қорғау жөніндегі комитет деп өзгерту туралы тапсырма бердіңіз. Жұрт бұл шешімді жете түсініпкіремей отыр. Мұндай қадам заңсыз активтерді елге қайтару тақырыбы осымен жабылды дегенді білдіре ме?**

– Әрине, жоқ. Бас прокуратураның мәліметтеріне тоқталып өтейін. Заңсыз активтерді елге қайтару жөніндегі комитет үлкен жұмыс атқарып, олигополия өкілдерінен 1,3 триллион теңгеден аса қаржы өндіріп алды. Соның 1 триллион теңгеден астамы мемлекет қазынасына түсті. Арнайы мемлекеттік қордағы қаражат есебінен елімізде жалпы құны 482 миллиард теңге болатын 434 әлеуметтік және коммуналдық нысан салынып жатыр. Оның қатарында 227 сумен қамтамасыз ету, 183 денсаулық сақтау, 11 білім беру, 5 спорт, 8 инфрақұрылым нысанының құрылысы бар. Сондай-ақ Павлодар, Арқалық, Балқаш қалаларындағы әуежайлар жаңғыртылып жатыр.

Жұмыс жалғаса береді. Активтерді сараптап, оның заңдылығын анықтау құзырлы органдардың құнделікті қызметінің бір бағытына айналды. Ең бастысы, барлық жұмыс ашық әрі әділ болуға тиіс. Енді бұл шаруаны бір орталықтан үйлестіріп жүргізудің қажеті жоқ. Жұмыс бір қалыпқа түсті. Сондықтан алға қадам басып, инвесторлардың құқығын қорғауға баса мән беретін кез келді.

Активтері күмән тудырып, күдікке ілінген адамдардың көбі қаржысын елге инвестиция ретінде салуға ниет білдірді. Олармен жалпы сомасы 5 триллион теңгеден асатын келісімдер жасалды. Бұл қаражаттың есебінен инвестициялық және әлеуметтік жобаларды жүзеге асыруды жоспарлап отырмыз. Оның ішінде туристік, көлік-логистикалық орталықтар, тау-кен, металлургия, энергетика секторларына қатысты жобалар бар. Әлбетте, білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет, спорт салаларына, сондай-ақ мұқтаж жандарды оңалту және әлеуметтік ортаға бейімдеу бағдарламаларын қаржыландыруға айрықша назар аударылады.

Бас прокуратура мен Үкіметтің алдында барлық жоспарды және уағдаластықтарды орындау міндеті тұр. Бұл – аса маңызды жұмыс.

Заңсыз активтерді елге қайтару арқылы әлеуметтік әділдікті қалпына келтіру – конъюктура не болмаса жұртқа жағу үшін жасалған саяси науқан емес, мемлекеттің мызғымас ұстанымы. Әңгіме индультгенция немесе ымыраласып, астыртын келісім жасау туралы болып отырған жоқ, олай болуы мүлде мүмкін емес.

Қазақстан әлем қауымдастығына халықаралық құқықты қатаң сақтайтын ел екенін көрсетіп келеді. Бірақ кейбір «кәсіпкерлер» қоғамдық пікірді өз мүддесіне қарай бұрмалауға тырысады, шетелде жатып алып, өздерін саяси ретіндегі құрбаны етіп көрсетеді, «инвестор» жетіндегі құқығы тапталып жатқанын айтады. Біз заң аясында адал диалог жүргізуге дайынбыз. Өйткені ұстанымдарымыздың дұрыс екеніне сенімдіміз. Қазақстан алдағы уақытта да заңдары инвесторларға қолайлы мемлекет ретіндегі мәртебесін нығайта береді.

– **Кейбір оқырман әлеуметтік желіде сыбайлас жемқорлықпен күрес мемлекеттік саясаттың басым бағыты болудан қалды деген сыңада пікір айтып жүр. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің дербес мәртебесі жойылғанын осының бір дәлелі ретінде келтіреді. Бұл реформаның мәні неде?**

– Мұндай пікірлерден хабарым бар. Оның

бәрін дұрыс түсінбеушілік немесе кейбір «арам ойлы» адамдардың бос әңгімесі деп санаймын. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі дербес мемлекеттік орган ретінде өзіне жүктелген міндетті табысты орындады. Оған кінә арта алмаймыз. Ұлттық қауіпсіздік комитеті де жемқорлықпен күреседі. Екі мекеменің бір міндетті қабаттаса атқаруы мемлекеттік маңызы бар жұмысқа кесірін тигізе бастады.

Сыбайлас жемқорлықпен барлық деңгейде күресу мемлекеттік саясаттың басым бағыты болып қала береді. Бұған қатысты ешқандай күмән тумауға тиіс.

Қабылданған шешім қатардағы жемқорларды ғана емес, қылмыстық әрекеттің идеологтары мен ұйымдастырушыларын да жауапқа тартуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар қылмыстың алдын алу үшін түсіндіру және ағарту жұмыстарына әдеттегідей айрықша назар аударылады. Қазір бұл – мемлекеттік қызмет істері агенттігінің құзырындағы міндет. Жалпы, жемқорлықтан аулақ болу қажеттігін балалардың құлағына жастайынан құя берген жөн. Бұл жерде мектептер, қоғамдық ұйымдар, белсенді азаматтар, әсіресе, ата-аналар шешуші рөл атқаруға тиіс. Сол кезде елімізде жең ұшынан жалғасқан жемқорлыққа мүлде төзбеу мәдениеті қалыптасады.

Ұлттық қауіпсіздік комитеті санмен әуестенбей, сапаға мән беріп, жемқорлыққа қарсы нақты жұмыс жүргізеді. Сонда мемлекеттік қызметшілер құқық қорғау қызметкерлеріне жалтақтамай, батыл шешім қабылдайтын болады.

– **Сіз Жолдауыңызда әлеуметтік жеңілдіктер тым көбейіп, масылдық пен алаяқтыққа жол берілгенін қатаң сынға алдыңыз. Жұрт иммиграцияға қатысты көзқарасыңызды да білгісі келеді...**

– Қазақстан – әлеуметтік мемлекет. Денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, ғылым және мәдениет саласына қатысты барлық міндеттеме толық орындалады. «Сырт көз – сыншы» деген сөз бар. Шетелдіктер, әсіресе, көрші мемлекеттердің тұрғындары біздің елдегі әлеуметтік қызметтің соншалықты дамығанына қызыға да, қызғана да қарайды. Соның ішінде кепілдік берілген тегін медициналық көмек және азаматтарға арналған көптеген жеңілдік бар. Тіпті, Қазақстанды «коммунизм орнаған ел» деп атай бастады.

Мысал ретінде жекеменшік мектептердің иелері де ауқымды мемлекеттік субсидия алатын орта білім жүйесін айтуға болады. Барлық аймаққа жекеменшік мектептердің, балабақшалардың, оқу орталықтары мен үйірмелердің жұмысын қамтамасыз ету үшін «жан басына сәйкес қаржыландыру» қағидаты бойынша қоммақты қаражат бөлу міндеті жүктелген. Бұған қоса, ауқатты кәсіпкерлердің меншігіндегі және ата-аналары балалардың оқу ақысына көп ақша төлеп отырған элиталық мектептерге де бюджеттен қаржы бөлінеді.

Бұл саланы мемлекеттен қаржыландыру жүйесінің өзін реформалау керек. Министрліктің бұрынғы басшылары енгізген бүгінгі бұрмаланған тәртіп бей-берекеттікке әкеп соқтырады, себебі, қазірдің өзінде қаражат жетпей жатыр.

Жекеменшік медицина саласында да осыған ұқсас ахуал қалыптасқан. Бұрын жекешелендірілген медицина мекемелері көбінесе күрделі құрал-жабдықтар сатып алмайды, тексеруден өту үшін науқастарды мемлекеттік емханаларға жібереді. Бірақ, ең бастысы, оларға шын мәнінде науқастардың санына қарай емес, «тіркелген» адамдардың санына қарай бюджеттен ақша бөлінеді және бұл «жан басына сәйкес қаржыландыру» деп аталады. Науқастардың санында мүлде нақтылық жоқ, тіркеу жұмыстары қалай болса солай жүргізіледі. Барлығы ашық болуға тиіс, осы саладағы үрдістің бәрін цифрландырған жөн.

Жалпы, бұл – күрделі мәселе, Үкімет бұған назар аударуға тиіс. Мен лауазымды тұлғалардың мұндай жағдайға жол беріп қана қоймай, мемлекет мүддесіне қайшы келетін нәрселерді «өз қолымен» жасағанына таңғаламын.

Бір сөзбен айтқанда, тиісті мекемелердің жөнсіз іс-әрекеттерінің кесірінен білім беру және денсаулық сақтау салаларындағы жеке кәсіпкерлік ұғымы бұрмаланып кеткен. Ахуалды түзеу қажет. Бюджеттен қаржы бөлінбесе, әлеуметтік нысандардың қиын жағдайға тап болуы мүмкін екенін түсінемін. Бірақ жеке бизнесті түгелдей дерлік мемлекеттің мойнына артып қоюға болмайды.

Сонымен бірге, медицина туризмі тұрғысынан алғанда, Астана мен басқа да қалаларымыздың танымалдығы арта түскені көңіл қуантады. Дәрігерге қаралып, сапалы ем-дом алу үшін көрші елдерден көлік, тіпті, АҚШ-тың және Еуропаның кейбір мемлекеттерінің азаматтары Қазақстанға келіп жатыр.

Мемлекет мұғалімдерге және медицина саласының қызметкерлеріне өте жақсы қолдау көрсетті. Олардың жалақысы бірнеше есе өсіп, қоғамдағы мәртебесі де арта түсті. Бұл дер кезінде қабылданған орынды шешім болды.

Бірақ алаяқтыққа жол берілмейді. Кеңес заманындағы түрлі аймақтық қақтығыстарға қатысқан «ардагерлер» әлі күнге дейін әлеуметтік жеңілдіктерді пайдаланып келеді. Мен халыққа Жолдауымда Кеңес Одағының күйрегінен 30

жылдан аса уақыт өтсе де «ардагерлер» күн өткен сайын көбейіп, неге екені белгісіз, жасарып бара жатқанын айттым.

Тағы бір мысал. Статистикаға қарасақ, Қазақстанда 740 мыңнан аса мүгедек адам бар екен. Еліміздің ешқандай қарулы қақтығысқа қатыспайтынын ескерсек, 20 миллион халқы бар мемлекет үшін мұның көптеу екеніне келісетін шығарсыз. Кезінде жауапты мекеме қызметкерлері мемлекеттен көмек алу үшін туыстарын, мәселен, гипертония диагнозы қойылған жақын-дарын мүгедектер қатарына қосып жаза салғаны анықталып отыр. Мұндай заңсыз әрекеттер аз емес. Сондықтан Үкімет пен құқық қорғау органдарына осы салада тәртіп орнатуды тапсырдым.

Қандастар мәселесіне келсек. Әрине, мен сырттағы ағайынның тарихи Отанына оралғанын құптаймын. Бірақ олардың қоғамымызға дұрыс кірігуіне қатысты мәселелерді шешу қажет. Былтыр Қазақстанға 16 мыңнан аса қандас көшіп келген. Соның ішінде еңбекке жарамды азаматтардың 15 пайызының ғана жоғары білімі бар. Сол себепті көбі Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық ортаға бейімделу барысында қиындықтарға тап болады. Олар негізінен Алматы облысының халық көп тұратын аудандары мен ауылдарына және Маңғыстау облысының Жаңаөзен қаласына қоныстанған. Орталық және жергілікті билік, сондай-ақ құқық қорғау органдары бұл жағдайға назар аударуға мәжбүр болып отыр.

Мен былтырғы сұхбатымда Қазақстанда барлық азаматтың құқығы бірдей екенін, ешкімге ешқандай артықшылық немесе басымдық берілмейтінін айттым. Біз өркениетті, әділетті мемлекет құрып жатырмыз. «Заң үстемдігін» қамтамасыз ету, білімнің сапасын арттыру, мәдениетті болу, аялбай еңбек ету, тәртіпке бас ию және мемлекеттік рәміздерге құрметпен қарау арқылы ғана осы мақсатқа жетеміз. Еліміздің болашағы дарынды, бастаамашыл әрі отаншыл жастардың қолында.

Мен мұны үнемі айтып жүремін. Себебі Мемлекет басшысы ретінде өскелең ұрпақтың жасампаз қуатына сенемін.

– **Елдің қорғаныс қабілеті айрықша маңызды екенін бәріміз білеміз. Бірақ сарбаздардың өліміне қатысты оқиғалар Әскери қызметтің беделін, Қарулы Күштеріміздің абыройын түсіріп жатыр. Сіз армиядағы ахуалды қалай бағалар едіңіз?**

– Мен Әскери борышын өтеуге шақырылған сарбаздардың жарақат алуы мен қаза табуына қатысты оқиғаларды өркениетті елге жат, теріс үрдіс деп санаймын. Бейбіт заманда мұндай жайттар болмауға тиіс. Бұл туралы барлық күштік құрылым басшыларымен жуырда өткен кеңесте де айттым. Қорғаныс саласына жауапты мекеменің басшылығын тәрбие жұмысын дұрыс қадағаламай отырғаны үшін сынға алдым. Армия жастарға қолдау көрсетіп, оларды еліміздің нағыз азаматы ретінде тәрбиелеп шығаруы керек. Командирлер Әскери қызметшілерге үлгі-өнеге болуға тиіс. Әскерде әлімжеттікке, бұзақылыққа, рушылдыққа, жершілдікке орын жоқ, ондай жайттарға жол берілмейді. Мұның бәрін өзін жеке қадағалап отырамын.

Мен ахуалды түзеу үшін шұғыл шаралар қабылдау жөнінде бұйрық бердім. Дегенмен қайғылы оқиғалар Әскери бөлімшелердің бәрінде болып жатпағанын атап өткен жөн.

Тексеру жұмыстары, жалпы, әскердегі тәртіп қатаң сақталатынын көрсетті. Танымалдыққа ұмтылған кейбір блогерлер әскердегі шынайы ахуалға мүлде жанаспайтын сөз таратып жүр. Олар армияны сарбаздар күн сайын дерлік қылымскерлердің құрбанына айналып, қаза табатын жер ретінде көрсеткісі келеді.

Шын мәнінде сарбаз болу – өзіңді дамыту үшін тың мүмкіндіктерге ие болу деген сөз. Әскери борышын өтеп қайтқан жастар жоғары оқу орындары мен колледждерде тегін оқи алады.

Олар әскерде жүргенде сұранысқа ие мамандықтарды меңгереді. Келісімшартпен жұмыс істейтін Әскери қызметшілер мен офицерлер әлеуметтік жағынан барынша қорғалған.

Армияда темірдей тәртіп болуға тиіс. Сарбаздар ант бергенде айтатын «Әскери қызметтің ауыртпалықтары мен қиыншылықтарын табындылықпен көтеремін» деген сөзден Әскери өмірдің қатандығын айқын аңғаруға болады.

Әскери қызметтің абырой-беделін көтеру және еліміздің қорғаныс қабілетін арттыру – мемлекеттің басты басымдығының бірі. Қарулы Күштерімізді технологиялық тұрғыдан жаңғырту жұмысы қарқынды жүргізіле бастады. Былтыр Ұлы Жеңістің 80 жылдығына орай өткізілген Әскери шеруді шетелдік саясаткерлер мен Әскери қайраткерлер жоғары бағалады, бұл іс-шара армиямыздың заманауи қару-жарақпен және техникамен, соның ішінде Қазақстанда жасалған өнімдермен толық жабдықталғанын, сондай-ақ Әскери қызметшілеріміздің дайындығы өте жақсы екенін айқын көрсетті. Әскери бөлімшелеріміз ел ішіндегі және халықаралық деңгейдегі жаттығуларда тамаша нәтижеге жетіп жүр. Қазақстанда колледждерден бастап, университетке дейінгі білім және ғылым мекемелерін түгел қамтитын ұлттық Әскери мектеп қалыптасты.

Жуырда Тараздағы мамандандырылған Әскери

мектепке бардым. Онда әлеуметтік жағынан осал топтағы отбасылардан шыққан балалар оқиды. Бұл – жақсы бастама. Мен осы мектепке аты аңызға айналған батырымыз Бауыржан Момышұлының есімін беру туралы шешім қабылдадым. Облыс орталығының бәрінде осындай мектеп ашу туралы тапсырма бердім. Бұл білім мекемелерінде бүкіл еліміз мақтан тұтатын сардарлар мен генералдар тәрбиеленіп шығатынына сенімдімін.

– **Тағы бір өткір тақырып – көлік апаты. Өкінішке қарай, жыл сайын жол-көлік оқиғасының салдарынан мыңдаған адам қаза табады. Сіз Жолдауыңызда да бұл тақырыпқа тоқталып, мәселені ретке келтіруді талап еттіңіз. Оң өзгерістер бар ма?**

– Бұл – көптеген ел үшін өте өзекті мәселе. Басты себептің бірі – автокөліктің көбеюі. Еліміздегі автокөлік саны былтырдың өзінде 300 мыңға, ал соңғы бес жылда 1,7 миллионға көбейді.

Оның үстіне, шамамен 3 миллион транзиттік автокөлік еліміздің аумағы арқылы өтеді. Автокөлік көбейген сайын жол үстінде апат болу ықтималдығы арта түседі.

Ішкі істер министрлігі құқық бұзушылықты анықтау және оның жолын кесу жұмыстарын жандандыра түсті. Инфрақұрылым жетілдірілді, бақылау күшейді. Айыппұлды өсіру туралы шешім де алдымен жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қабылданды.

Соның нәтижесінде ахуал жақсарып келеді, көлік апаттарынан болған адам өлімі 9,4 пайыз азайды. Алайда қоғам жол ережесін сақтауға немқұрайлы қараса, қолға алынған шаралардың ешқайсысы тиісті нәтиже бермейді. Түптеп келгенде, жүргізушілер қарапайым, бірақ өте маңызды талаптарды сақтамағандықтан, жан түршігерлік апаттар болып жатады. Бұл жағдай көлік жүргізушілерінің жол ережесін білмеуінің немесе оны біле тұра елемеуінің кесірінен орын алады. Дәл осындай жауапсыз жүргізушілер адам өліміне әкеп соқтыратын апаттарға себепкер болады.

Кейбір дамыған елдерде көлік апаттарының алдын алу үшін жаңа тұжырымдама енгізіліп жатыр. Соған сәйкес әр адам полиция қызметкерлеріне ұсталып қалудан қорыққандықтан емес, өзінің және басқа адамдардың қауіпсіздігін ойлағандықтан жол ережесін сақтауға тиіс.

Бұған қоса, осы салаға жаңа технологияларды, соның ішінде жасанды интеллектті кеңінен енгізген жөн. Біз көліктер тоқтаусыз жүретін көшелер саламыз. Сондай-ақ қоғамдық көліктердің қауіпсіздігіне айрықша назар аударамыз. Себебі автобустардың жол апатына ұшырауы азаюдың орнына көбейіп барады.

– **2025 жылдың екінші жартысы еліміздің сыртқы саясатындағы маңызды оқиғаларға толы болды. Сіз қысқа мерзім ішінде Бейжіңде, Вашингтонда, Мәскеуде, Анкарада, Абу-Дабиде, Ташкентте, Душанбеде, Бішкекте, Ашхабадта және Токиода болып қайтқан әлемдегі санаулы қайраткердің бірісіз. Өзіңізді ірі халықаралық қақтығыстарды шешу үшін араағайын болуға арнайы шақырады деген де болжамдар бар. Бұл туралы не айтар едіңіз?**

– Сыртқы саясатқа қатысты жоғары деңгейдегі іс-шаралардың көптігі Қазақстанның абырой-беделі өсіп, халықаралық құқық субъектісі ретіндегі рөлі арта түскенін көрсетеді. Шетелге жасаған сапарларыман бөлек, Азия, Еуропа және Таяу Шығыс аймақтарындағы ықпалды мемлекеттердің басшылары Астанаға сапармен келді.

Әрбір келіссөзде экономикалық және инвестициялық ықпалдастыққа, әлемдік аренадағы қарым-қатынасқа қатысты маңызды мәселелер көтеріледі. Былтыр экономикамыздағы басымдық берілген салаларды дамыту үшін жалпы сомасы 70 миллиард доллардан асатын құжаттарға қол қойылды.

Қазақстан Еуразия кіндігінде орналасқан ел ретінде, әсіресе, қазіргі алмағайым заманда түрлі үдерістен сырт қалмауы керек. Біздің халықаралық қатынастағы негізгі мәселелер туралы өз көзқарасымыз, нақты ұстанымымыз болуға тиіс. Сондықтан мен БҰҰ Бас Ассамблеясының мерейтойлық сессиясында осы әмбебап жаһандық ұйымды реформалауға қатысты Қазақстанның ұстанымын егжей-тегжейлі айтып өттім.

Халықаралық дау-дамайларда араағайын болатын ешқандай ойым жоқ, сондай-ақ бірқатар елдердің ұсыныс-пікіріне қарамастан, БҰҰ-дағы жұмысқа қайта оралатын ниетім де жоқ. Бірақ жабық кеңестер мен пікірталастарға қатысамын, оның үстіне бірқатар мемлекет басшылары менің пікірімді білгісі келеді. Мен үшін осы маңызды жайықты бұқаралық ақпарат құралдарында жариялаудың еш қажеттігі жоқ, себебі популизмнен аулақпын. Бұл ұстанымым жабық кеңестерге қатысушылар үшін де маңызды болса керек.

– **Жаңа жыл қарсаңында Кремльде тұңғыш президент Нұрсұлтан Назарбаев Ресей басшысымен тағы да кездесті. Кремльге қарасты ақпарат құралдары бұл жайында кеңінен мәлімет таратты. Кездесу туралы көптеген пікір айтылып, өсек-аян өрбіді.**

(Жалғасы 6-бетте)



«Ai&Di 1» ЖШС, БСН 191140011632 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Алматы ауданы, Астана-Қарағанды трассасы, гараж 1. т.: 8 707 855 03 83

ТОО «Ai&Di 1», БИН 191140011632 сооб­щает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адре есу: г.Астана, р-н Алматы, трасса Астана-Караганда, гараж 1. тел.: 8 707 855 03 83

«Золотая черепаха», ЖШС, БСН 170140031620 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, Анатолий Скоробогатов көшесі, д.65/1, н.п. 6. т.: 8 705 545 09 74

ТОО «Золотая черепаха» БИН 170140031620 сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: Западно-Казахстанская обл., г. Уральск, ул.Анатолий Скоробогатов, д.65/1, н.п. 6. тел.: 8 705 545 09 74

«МК Экстра Ломбард» ЖШС өтелмеген кепіл мүлкін голландиялық әдіспен сату бойынша сауда-саттықтың өткізілетінін хабарлайды. Сауда-саттық 2026 жылғы: 12-16 қаңтар, 19-23 қаңтар, 26-30 қаңтар күндері, сағат 10:00-ден 13:00-ге дейін өтеді. Мекенжайы: Астана қаласы, Керей және Жәнібек хандар көшесі, 11.

ТОО «МК Экстра Ломбард» сообщает о проведении торгов по голландскому методу невыкупленного залогового имущества, который состоит: с 12 по 16 января 2026 г, с 19 по 23 января 2026 г, с 26 по 30 января 2026 г, с 10:00 до 13:00 по адресу: г. Астана, ул. Керей и Жанибек хандар 11.

«GIDSTROY-ASTANA» ЖШС, БСН: 240740023994, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-арыздар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде келесі мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Желтоқсан көшесі, 23-үй, 4-пәтер. тел.: 8 776 844 84 37

ТОО «GIDSTROY-ASTANA», БИН: 240740023994, сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г. Астана, р-н Сарыарка, ул. Желтоксан, д. 23, кв. 4. тел.: 8 776 844 84 37

«Рыбпром», ЖШС филиалы, «РЫБПРОМ» ЖШС, БСН 011041008592 өзінің таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Шығыс Қазақстан аймағы, Көкпекті обл., Самара ауылдық округі, Самарское ауылы, Глухенко көшесі, 1/1 үй. т.: 8 777 237 86 35

Филиал ТОО «Рыбпром» в городе Усть-Каменогorsk, ТОО «РЫБПРОМ», БИН 011041008592 сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: Восточно-Казахстанская обл., р-н Кокпектинский, Самарский сельский округ, с.Самарское, ул.Глухенко, д.1/1. тел.: 8 777 237 86 35

ҚР Қаржы министрлігінің жаңа ережелері: Активтеріңізді қорғаңыз!

2026 жылғы 1 қаңтардан бастап ҚР Қаржы министрлігінің №654 бұйрығы күшіне енеді. Енді компания құрылтайшылары өз ЖШС-інің қарыздары үшін жеке мүлкімен тікелей жауап береді, ал директорларға елден шығуға тыйым салынады.

Жеке мүлікке қауіп төнді Құрылтайшылар компания қарызына тікелей жауапты болады.

Директорларға елден шығуға тыйым салу Компанияда қарыз болған жағдайда.

Мәселе сізді қуып жеткенін күтпеңіз! Біз Қазақстанда компаниядан заңды әрі жылдам жолмен, тіпті тыйымдар мен арест болған жағдайда да құтылуға көмектесеміз. Біздің тәжірибеміз – 13 жыл.

WhatsApp арқылы жазыңыз: 8707 155 75 78

Андрей Юрьевич, «Юри­дический Центр ПВ» ЖШС.

17.10.2022 жылғы пәтерді сатып алу-сату шарты жоғалғандықтан, жарамсыз деп танылсын. Мекенжайы: Шымкент қаласы, Әл-Фараби ауданы, Ахмет Байтұрсынов көшесі, 89/5-үй. Кадастрлық нөмірі: 19:309:119:597:1:32. Ашимов А.К. атына рәсімделген. тел.: 8 777 040 40 70

Утеранный договор купли-продажи на квартиру от 17.10.2022 г., по адресу: г.Шымкент, р-н Аль-Фарабийский, ул.Ахмет Байтұрсынов, д.89/5, кадастровый номер 19:309:119:597:1:32 на имя Ашимов А.К. считать не действительным. т.: 8 777 040 40 70

«Аскар DENT» ЖШС, БСН 240640012816 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Байқоңыр ауданы, Амангельды Иманов көшесі, д.19, кеңсе 908Е. т.: 8 702 555 50 32

ТОО «Аскар DENT» БИН 240640012816 сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адре есу: г.Астана, р-н Байқоңыр, ул.Амангельды Иманов, д.19, офис 908 Е. тел.: 8 702 555 50 32

«Асыл Мұра Фарм» ЖШС, БСН 200140011416 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы облысы, Қонаев қаласы, Шенгельды ауылдық округі, Шенгельды ауылы, Ербол Айымбетов көшесі, 6/1 үй. т.: 8 775 347 87 77

ТОО «Асыл Мұра Фарм», БИН 200140011416 сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: Ал­матинская обл., г.Қонаев, Шенгельдинский сельский округ, с.Шенгельды, ул.Ербола Айымбетова, д.6/1. тел.: 8 778 347 87 77

«LogisticPRO» ЖШС, БСН: 240140002573, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-арыздар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде келесі мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Есіл ауданы, Керей Жәнібек хандар көшесі, 22-ғимарат, 308-үй-жай. тел.: 8 776 844 84 37

ТОО «LogisticPRO», БИН: 240140002573, сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г. Астана, р-н Есиль, ул. Керей Жанибек хандар, здание 22, н.п. 308. тел.: 8 776 844 84 37

«ROIF facility management» ЖШС, БСН: 151240014702, өзінің таратылатыны (жойылатыны) туралы хабарлайды. Талап-арыздар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 (екі) ай ішінде келесі мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Гагарин даңғылы, 135к-үй, 17-офис. тел.: 8 747 658 58 87.

ТОО «ROIF facility management», БИН 151240014702 сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г. Алматы, Бостандыкский р-н, проспект Гагарина, д. 135к, офис 17. т.: 8 747 658 58 87

Новые правила Минфина РК: Защитите свои активы!

С 1 января 2026 года вступает в силу приказ №654 Министерства финансов РК. Теперь учредители компаний несут прямую ответственность по долгам своего ТОО своим личным имуществом, а директорам запрещен выезд из страны.

Личное имущества под угрозой Учредители отвечают по долгам фирмы напрямую.

Запрет на выезд из страны для директоров За наличие долгов на фирме

Не ждите, пока проблемы настигнут вас! Мы поможем законно и быстро избавиться от компании в РК, даже при наличии арестов. Наш опыт – 13 лет.

Напишите нам в WhatsApp: +7 707 155 75 78

Андрей Юрьевич, ТОО «Юри­дический Центр ПВ»

«Ali San Service», ЖШС, БСН 220340042378 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Алматы ауданы, Анатолий Храпатый көшесі, 5 үй, кв.32 пәтер. т.: 8 701 723 98 88

ТОО «Ali San Service» БИН 220340042378 сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адре есу: г.Астана, р-н Алматы, ул.Анатолий Храпатый, д.5, кв.32. тел.: 8 701 723 98 88

«Алиби 2007», ЖШС, БСН 240940029544 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Есиль ауданы, Сарайшық көшесі, 7/2 үй, 50 пәтер. т.: 8 701 734 83 69

ТОО «Алиби 2007» БИН 240940029544 сооб­щает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адре есу: г.Астана, р-н Есиль, ул.Сарайшық, д.7/2, кв.50. тел.: 8 701 734 83 69

«INVEST KZ 17», ЖШС , БСН 230740032901 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Түркістан аймағы, Түлкібас ауданы, Майлыкент ауыл округі, Тұрар Рысқұлов ауылы, Д.Конаев көше­сі, 49А үй. т.: 8 707 500 75 12

ТОО «INVEST KZ 17», БИН 230740032901 сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: Туркестанская обл., Тюлькубасский р-н, сельский округ Майлыкент, с.Турар Рыскулова, ул. Д.Кунаев, д.49А. тел.: 8 707 500 75 12

«DARWIN (KZ) BIOTECH COMPANY Ltd.» жекеменшік компаниясы, БСН: 241040900395, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-арыздар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде келесі мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Есіл ауданы, Ақмешіт көшесі, 5а-үй. тел.: 8 776 844 84 37

Частная компания «DARWIN (KZ) BIOTECH COMPANY Ltd.», БИН: 241040900395, сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г. Астана, р-н Есиль, ул.Акмешит, д 5а. тел.: 8 776 844 84 37

«ProLombard» ЖШС өтелмеген кепіл мүлкін сату бойынша сауда-саттықтың өткізілетінін хабарлайды. Сауда-саттық 2026 жылғы 26–27 қаңтарда және 26–27 ақпанда, сағат 10:00-ден 16:00-ге дейін өтеді. Өтетін мекенжайлары: Астана қаласы, Байтұрсынов көшесі, 51, н.п.-214; Сарайшық көшесі, 7-үй, НП-8.

ТОО «ProLombard» сообщает о проведении торгов не выкупленного залогового имущества которые состоятся 26, 27 января 2026 26,27 февраля 2026 года с 10.00 до 16.00 по адресу: г.Астана, ул.Байтурсынова, 51 нп-214, ул.Сарайшык, дом 7, НП 8

Астана қаласындағы «Доверие» ломбард» ЖШС, 585/583/750 сынамалы алтыннан жасалған, өтелмей қалған кепіл мүлкі бойынша сауда-саттық өтетінін хабарлайды. Өтетін күні: 2026 жылғы 12 қаңтар. Уақыты: сағат 9:00-ден 20:00-ге дейін. тел.: 8 707 940 05 05

ТОО «Ломбард «Доверие», г.Астана, сооб­щает о торгах невыкупленного заложенного имущества из золота 585/583/750 пробы: 12 января 2026 г. с 9.00 ч. до 20.00 ч. тел.: 8 707 940 05 05

«Конструктор Строй» ЖШС, БСН 221 040 016 251 (мемлекеттік тіркелген күні: 2022 жылғы 10 қазан) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-арыздар (шағымдар) осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде келесі заңды мекенжай бойынша қабылданады: Ақмола облысы, Қосшы қаласы, Лесная поляна шағын ауданы, 22-үй, 76-пәтер. тел.: 8 (778) 800 09 29, 8 (777) 400 09 29.

ТОО «Конструктор Строй», БИН 221 040 016 251 (дата регистрации: 10 октября 2022 года) сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации настоящего объявления по юридическому адресу: Акмолинская область, г. Косшы, микрорайон Лесная поляна, дом 22, кв. 76. тел.: 8 (778) 800 09 29, 8 (777) 400 09 29

«Ақ Бас-7», ЖШС, БСН 131040009339 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Центральный шағын ауданы, 1 кв., 42 пәтер. т.: 8 705 365 43 92

ТОО «Ақ Бас-7» БИН 131040009339 сооб­щает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адре есу: Акмолинская обл., г. Көкшетау, микрорайон Центральный, д.1, кв.42. тел.: 8 705 365 43 92

«All Snab Service KZ», ЖШС, БСН 200140033105 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Есіл ауданы, Шыңғыс Айтматов көшесі, 31а үй. т.: 8 775 927 17 16

ТОО «All Snab Service KZ» БИН 200140033105 сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адре есу: г.Астана, р-н Есиль, ул.Шыңғыс Айтматов, д.31а. тел.: 8 775 927 17 16

«SAPA GROUP ASTANA» ЖШС, БСН 180340012861, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-арыздар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде келесі мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Бейбітшілік көшесі, 36-үй, 41-пәтер. тел.: 8 776 844 84 37

ТОО «SAPA GROUP ASTANA», БИН: 180340012861, сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г. Астана, р-н Сарыарка, ул. Бейбітшілік, д.36, кв. 41. тел.: 8 776 844 84 37

«Delux-Lombard» ЖШС хабарлайды: қайтарылмаған кепіл мүлкін сату бойынша сауда өткізіледі. Сауда өткізілетін күндер: 2026 жылғы 15 қаңтар, 2026 жылғы 27 қаңтар, 2026 жылғы 12 ақпан. Сауда уақыты: сағат 10:00-ден 16:00-ге дейін. Өтетін мекенжайлар: Астана қаласы, Ш. Құдайбердіұлы 33, тұрғын емес үй-жай №7.

ТОО «Delux-Lombard» сообщает о проведении торгов не выкупленного залогового имущества которые состоятся 15 января 2026 г, 27 января 2026 г., 12 февраля 2026 г с 10.00 до 16.00 по адресу: г.Астана, пр. Ш. Кудайбердыулы, 33 нп-7.

«Dreem Consulting» ЖШС, БСН 210540025413 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 58 үй, 182 кеңсе. тел.: 8 702 250 19 25

ТОО «Dreem Consulting», БИН 210540025412 сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г.Астана, р-н Есиль, проспект, Мәңгілік Ел, д.58, офис 182. тел.: 8 702 250 19 25

«Қоғамдық қор «Кедергісіз әлем» мүгедектер қоғамының Жарғысы (БИН 180440003427) жоғалуына байланысты жарамсыз деп саналсын. тел.: 8 775 624 51 06

Утеранный Устав Общественного фонда «Общество инвалидов «Мир без преград», БИН 180440003427 считать не действительным. тел.: 8 775 624 51 06

«Вагиф» ЖШС, БСН 240140026124 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Алматы ауданы, Қаныш Сәтбаев көшесі, 4/1, үй, кв.86. т.: 8 777 772 77 32

ТОО «Вагиф», БИН 240140026124 сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: Астана, р-н Алматы, ул.Қаныш Сәтбаев, д.4/1, кв.86. тел.: 8 777 772 77 32

«DezArt», ЖШС, БСН 210340017414 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Алматы ауданы, Темірбек Жүргенов көшесі, 18/2 үй, н.п.17. тел.: 8 775 330 74 96

ТОО «DezArt», БИН 210340017414 сооб­щает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: Астана, р-н Алматы, ул.Темірбек Жүргенов, д.18/2, н.п.17. тел.: 8 775 330 74 96

ХАБАРЛАМА

«IL-TOV» ЖШС әсер етуге экологиялық рұқсат алу үшін материалдар (НДВ, ПЭК, ПУО, ПМ) бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарлайды.

Аумағы әсер етуі мүмкін және аумағында қоғамдық тыңдаулар өтетін әкімшілік-аумақтық бірліктердің тізбесі (бір тыңдау тақырыбы бойынша қоғамдық тыңдаулар бірнеше әкімшілік-аумақтық бірлікте өткізілсе): Ақмола облысы, Қосшы қаласы.

Объектінің географиялық координаттары: 50°58'9.74»С; 71°21'24.64»В.

Тыңдау 17.02.2026 сағат 12:00-де Ақмола облысы, Қосшы қаласы, Абай Құнанбаев көшесі, 36-ғимарат (әкімшілік ғимарат) мекенжайы бойынша өтеді.

Тыңдауларға қатысу үшін ZOOM арқылы қосылуға болады. Конференция ID: 238 034 5491. Қол жеткізу коды: 123456.

Ашық жиналысты өткізу мерзімі қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың шешімі бойынша қатарынан бес жұмыс күніне дейін ұзартылуы мүмкін.

Бастамашы – «IL-TOV» ЖШС. тел.: 8(701) 549 84 02.

Жобалау құжаттамасын әзірлеуші «Green-TAU.» ЖШС. тел.: 8(702)188 98 15.

Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттармен, содан кейін және жарияланған қоғамдық тыңдаулар хаттамасымен «Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі» порталында танысуға болады <https://hearings.ndbecology.gov.kz/>, сондай-ақ «Ақмола облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ЖАО-ММ сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/aqmola-upr/documents/1?lang=ru>.

Ескертулер мен ұсыныстар «Ақмола облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, Көкшетау қаласы, Абай көшесі, 89 мекенжайы бойынша жазбаша немесе электрондық нысанда қабылданады. тел.: 8 (7162) 40 28 07, e-mail: expesco2@mail.ru.

Қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы ақпаратқа жұртшылықтың қол жеткізуін қамтамасыз етуге жауапты ЖАО – «Ақмола облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, Көкшетау қаласы, Абай көшесі, 89. тел.: 8 (7162)402807, e-mail: expesco2@mail.ru.

ТОО «IL-TOV» уведомляет о проведении общественных слушаний по материалам (НДВ, ПЭК, ПУО, ПМ) для получения экологического разрешения на воздействие.

Перечень административно-территориальных единиц на территорию которых может быть оказано воздействие и на территории которых будут проведены общественные слушания (если общественные слушания по одному и тому же предмету слушаний проводятся более чем в одной административно-территориальной единице): Акмолинская область, г. Косшы.

Географические координаты объекта: 50°58'9.74»С; 71°21'24.64»В.

Слушания состоятся в 17.02.2026 в 12:00 часов по адресу: Акмолинская область, город Косшы, улица Абая Кунанбаева, строение 36 (административное здание).

Для участия в слушаниях можно, подключится через ZOOM. Идентификатор конференции: 238 034 5491. Код доступа: 123456.

Срок проведения открытого собрания может быть продлен до пяти последовательных рабочих дней по решению участников общественных слушаний.

Инициатор – ТОО «IL-TOV». тел.: 8(701) 549 84 02.

Разработчик проектной документации проекта ТОО «Green-TAU.». тел.: 8(702) 188 98 15.

Ознакомиться с документами, выносимыми на общественные слушания, а после и с опубликованным протоколом общественных слушаний можно на портале «Национальный банк данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов» <https://hearings.ndbecology.gov.kz/>, а также на сайте МИО - ГУ «Управления природных ресурсов и регулирования природопользования Акмолинской области» на сайте <https://www.gov.kz/memleket/entities/aqmola-upr/documents/1?lang=ru>.

Замечания и предложения принимаются в письменной или электронной форме по адресу: ГУ «Управления природных ресурсов и регулирования природопользования Акмолинской области», г. Кокшетау, ул. Абая, 89. тел.: 8 (7162) 40 28 07, e-mail: expesco2@mail.ru.

МИО ответственный за обеспечение доступа общественности к информации о проведении общественных слушаний - ГУ «Управления природных ресурсов и регулирования природопользования Акмолинской области», г. Кокшетау, ул. Абая, 89. тел.: 8 (7162) 40 28 07, e-mail: expesco2@mail.ru.

АҚ ХАЛАТТЫ АБЗАЛ ЖАНДАРҒА
АЛҒЫСЫМ ШЕКСІЗ

Мен Президент іс басқармасының емханасында тіркеуде тұрмын. Қазір 74 жастамын. Жас ұлғайған сайын адам ағзасының иммунитеті әлсіреп, түрлі ауру-сырқаудың жиілей түсетіні белгілі. Осындай қиын сәттерде ақ халатты абзал жандардың көмегі мен қамқорлығы адамға ерекше демеу болады.



Оқаповаға шын жүректен рақмет айтамын.

Бөлімшенің тазалығы мен жайлылығын қамтамасыз етіп жүрген аспаздар Айна Бейсенова, Гүлім Ақтаева, санитар қызметкерлер Әсемгүл Искакова, Айгерім Хамитова, Лаура Изатова, Камила Изатова, Ұлжан Жақып, масажист Толқын Тоғызбаева, курьер Бауыржан Жүсіповке де зор алғыс білдіремін.

Осындай жаһандану заманына сай, заманауи технологияларды меңгерген, білімді де білікті

жастардың еңбегі ерен. Баршаңызға зор денсаулық, отбасыларыңызға бақыт, еңбектеріңіздің жемісін көруді тілеймін. Көсегелеріңіз көгеріп, ел алғысына бөлене беріңіздер!

Күлән қажы БАЛҒОЖИНА,
Қосшы қаласының тұрғыны,
7 баланың анасы – «Алтын алқа» иегері,
45 жыл еңбек өтілі бар химия-биология пәнінің мұғалімі

ОҚУШЫЛАРДЫҢ БЕЛСЕНДІЛІГІН
АРТТЫРҒАН ОН КҮН

Қосшы қаласындағы ІТ мектеп-лицейінде «Қазақ тілі – өз тілім, туған тілім, Абай, Мұхтар сөйлеген дана тілім» тақырыбында қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің онкүндігі өтті. Бұл шара ұлы данышпан ақынымыз Абай Құнанбайұлының 180 жылдығына арналды.



Онкүндікті өткізудегі басты мақсат – Абай шығармашылығын атамұрамыз ретінде қабылдап, жаңа буын жас ұрпаққа танытып, терең меңгерту, өз ана тіліне деген құрмет сезімін арттыру, тіл мәртебесін көтеру, таза сөйлеуге үйрету, өз ұлтына, еліне деген сүйіспеншілігін ояту, ана тілі тұғырының мықты болуына негіз қалаған бабаларымыздың өсиетін ұран ету, қазақ тілінің мәртебесін көтеру.

10 қарашада онкүндік сәттанатты түрде ашылды. Шара барысында пән мұғалімдері ұйымдастырған іс-шаралар – ашық сабақтар, интеллектуалды ойындар, әдеби кештер, коучинг, сыныптан тыс сабақтар өтті.

Атап айтқанда, 11 қарашада қазақ тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімдері, зерттеуші-педагогтер Рахима Айтқожанова мен Зауреш Мүсекина ұлы ақынның шығармашылығына байланысты 9-11 сыныптар арасында ессе байқауын өткізді.

12 қарашада педагог-сарапшы Анар Ис-

макова «Абай мұрасы – асыл қазына» интеллектуалды ойынын өткізді. Мұндағы мақсат – оқушылардың өлең, қара сөз, ән арқылы Абай мұрасын терең тануына жағдай жасау. Ойын тартымды, қызықты өтті. Нәтижесінде 7 «А» сынып оқушылары тобы жеңімпаз атанды.

13 қарашада қазақ тілі пәнінің мұғалімдері Г. Рамазанова мен А. Алтыруова «Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында сын тұрғысынан ойлау технологиясын тиімді пайдалану» коучингін өткізді. Мақсаты – топ мүшелерін сын тұрғысынан ойлауға бағыттай отырып, өз ойларын айтуға, жаңа тәсілдерді сабақта қолдануға мүмкіндік алу.

Сондай-ақ 5 «А» сыныпта зерттеуші-педагог А. Сүлейменова «Атымтай Жомарт» атты ашық сабағын өткізді. Мақсаты – оқушыларды қайырымдылыққа, сүйіспеншілік қарым-қатынасқа баулу.

Ал 9 «Ә» сыныпта педагог-сарапшы Меруерт Бердалина «Нысанбай жырау. «Кенесары-Нау-

рызбай» жыры» тақырыбында ашық сабақ өткізді. Мақсаты – оқушыларды Отанын сүйуге баулу, Тәуелсіздік жолында күрескен батырларымызды дәріптеу.

Педагог-модератор М. Халиханқызы 6 «А» сыныбында Абай Құнанбайұлының «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінің көркемдік ерекшелігі тақырыбында ашық сабақ өтті. Мұғалім сабаққа жасанды интелектті тиімді пайдаланып, сабағын қызықты қылып өткізді.

Педагог-зерттеуші Ақмарал Байоралова 9 «А» сыныпта «Махамбет Өтемісұлы» атты тақырыпта ашық сабақ өткізді. Мақсаты – оқушыларды отансүйгіштікке баулу, оларға Тәуелсіздік үшін күрескен Махамбеттің өмірін үлгі ету.

20 қарашада педагог-зерттеуші Меруерт Мұханбетжанова 7 «Б» сыныбында «Абай әлеміне саяхат» атты сыныптан тыс сабақ өткізді. Мақсаты – ұлы ақын Абай мұраларын жас ұрпақтың жүрегіне терең бойлатып, Абайдың жұмбақ әлемінің тылсым сырларына үңілту, оларды ақын өлеңдері арқылы оқу-білімге, адамгершілік қасиеттерге шақыру. Сабаққа ата-аналар қатысып, жылы лебіздерін білдірді.

Сонымен қатар қазақ тілі пәні мұғалімдері А.Аймұханова мен А. Досанова 4-орыс сыныбы оқушыларының арасында Абайдың өлеңдерін мәнерлеп оқу сайысын өткізді. Оқушылар ұлы ақынның өлеңдерін жатқа мәнерлеп оқыды.

«Абайдың отбасы» атты сыныптан тыс сабағын педагог-зерттеуші Аяжан Түсіпбекова өткізді. Мақсаты – оқушыларға ұлы ақын Абайдың отбасы мен алған тәрбиесі туралы мәлімет беріп, ақынның өмір жолын үлгі ету.

Балалар осы онкүндікте қазақ тіліне деген қызығушылықпен өткен іс-шараларда белсенділік танытты. Онкүндік соңында белсенді оқушылар алғыс хаттармен марапатталды.

Меруерт МҰХАНБЕТЖАНОВА,
ІТ мектеп-лицейі
қазақ тілі және әдебиеті пәнінің
мұғалімі